



ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

«Сынақ орталығының» жетістігі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Сынақ орталығы» ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 «Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптарға» сәйкес құзыреттілікті растау рәсімінен сәтті өтті. Сонымен бірге Ұлттық аккредиттеу орталығынан аккредиттеу аттестатын алды. Жетістіктеріңіз құтты болсын!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САУДА ЖӘНЕ
ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ
ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

ҰЛТТЫҚ АККРЕДИТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

АККРЕДИТТЕУ АТТЕСТАТЫ



KZ98B565B3E35E7331

Аккредиттеу субъектілерінің тізілімінде тіркелген
№ KZ.T.09.E0858
15 Наурыз 2022 жылдан
15 Наурыз 2027 жылға дейін жарамды

БСН 021140000425, Сынау орталығы, заңды мекен-жайы: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қ.ә., БҚО, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі 51, нақты мекен-жайы: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қ.ә., Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қ.ә., Жәңгір хан көшесі 51/2 Қазақстан Республикасының аккредиттеу жүйесінде ГОСТ ISO/IEC 17025-2019. Сынау және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар (СО) талаптарына сәйкес аккредиттелген.

Сәйкестікті бағалаудың объектілері: Сынақ орталығы.

Аккредиттеу саласы ақпараттық жүйеде келтірілген.

Успех «Испытательного центра»

Испытательный центр НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана» успешно прошел процедуру подтверждения компетентности согласно ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 «Общие требования к компетентности испытательных и калибровочных лабораторий». Также получил аттестат аккредитации в Национальном центре аккредитации. Поздравляем с достигнутым успехом!



КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ И
МЕТРОЛОГИИ МИНИСТЕРСТВА ТОРГОВЛИ И ИНТЕГРАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР АККРЕДИТАЦИИ

АТТЕСТАТ АККРЕДИТАЦИИ



KZ8FF02AB49FDE0D25

Зарегистрирован в реестре субъектов аккредитации
№ KZ.T.09.E0858
от 15 Март 2022 г.
действителен до 15 Март 2027 г.

БИН 021140000425, Испытательный центр, юридический адрес: Казахстан, Западно-Казахстанская область, Уральск г.а., ул.Жангир хана 51, фактический адрес: Казахстан, Западно-Казахстанская область, Уральск г.а., ул.Жангир хана 51/2 аккредитован(а) в системе аккредитации Республики Казахстан на соответствие требованиям ГОСТ ISO/IEC 17025-2019. Общие требования к компетентности испытательных и калибровочных лабораторий (ИЦ).

Объекты оценки соответствия: Испытательный центр.

Область аккредитации приведена в информационной системе.

Профориентационная работа

С 21 по 27 января 2022 года приемной комиссией ЗКАТУ имени Жангир хана согласно предварительной договоренности с руководством Жангалинского районного отдела образования была организована профориентационная работа для выпускников сельских школ и колледжа с выездом преподавателей в командировку.

Группа преподавателей работала в следующем составе: М.Ж.Рыскалиев – и.о. доцента высшей школы «Строительство», А.М.Давлетова – старший преподаватель высшей школы «Биотехнологии, животноводства и рыбного хозяйства» и Б.М.Хусаинов – доцент высшей школы «Экономики и аудита».

В настоящее время общее количество выпускников школ по Жангалинскому району составляет 189 человек, из них 9 на русском языке, что больше данных показателей прошлого 2021 года на 16 учеников. По данным района, 114 человек будут принимать участие на ЕНТ, из них: физика-математика – 44 чел или 38,6 % от общего количества выпускников, биология-химия – 31 чел или 27,2 %, биология-география – 11 чел или 9,6 %, география-математика – 3 чел или 2,6 %, творческие экзамены – 9 чел или 7,9 %, остальные предпочли другие предметы. Как видно, потенциал выпускников Жангалинского района в 2022 году составляет в сумме 85,9 %, это ученики, которые выбирают предметы, соответствующие техническому, сельскохозяйственному и экономическому направлениям



подготовки. По качественному составу выпускников хотелось бы отметить, что имеется 12 претендентов на знак «Алтын белгі», а также 11 человек, претендующих на аттестат особого образца.

На встречах с выпускниками школ преподаватели университета Жангир хана, согласно инструкции по проведению профориентационной работы активно информировали о многолетней истории развития университета, о достижениях профессорско-преподавательского состава в учебной, научной и воспитательной деятельности. В своих выступлениях конкретно каждый из преподавателей в

легкой и доступной форме остановились и объяснили ученикам особенности образовательных программ с указанием предметов по выбору, полупроходных баллов за последние три года, что вызвало живой интерес, как у выпускников, так и у их родителей. В итоге была налажена тесная обратная связь между преподавателями, выпускниками сельских школ, колледжа и родителями, все были активны, проявляли большой интерес, задавали вопросы по специальностям, изменениях в организации ЕНТ; количество грантов по специальностям; стоимость платного обучения и проживания в общежитии; как используется

сельская квота; требования для поступления на военную кафедру; какие специальности наиболее востребованы на рынке. В завершении каждой встречи среди выпускников и их родителей были распространены все рекламные материалы – газета «Зангар», проспекты и буклеты университета.

По окончании родительских собраний и встреч выпускники школ и колледжа, учителя и родители выразили огромную признательность и благодарность преподавателям и руководству вуза за прекрасную и содержательную профессионально ориентированную работу.

Причем руководство учебных заведений и учителя отметили, что наш университет был первым вузом области, который провел в школах Жангалинского района данные мероприятия в 2021-2022 учебном году.

По нашему мнению, проведение подобных мероприятий в виде целенаправленных встреч с выпускниками 11 классов и родительских собраний позволяет повысить стремление выпускников к правильному выбору будущей специальности, способствует дальнейшему укреплению взаимоотношений между университетом и сельскими школами.

Руководством и преподавателями ЗКАТУ имени Жангир хана ежегодно проводятся многоплановые и эффективные мероприятия с целью привлечения учеников к правильному выбору будущей профессии.

Берик ХУСАИНОВ
доцент высшей школы
«Экономики и аудита»



Ауданның 13 мектебінің оқушыларымен кездесулер өткізілді

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессор-оқытушылар құрамы мектеп түлектеріне болашақ мамандық-тарын таңдауға бағыт-бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруда. Осындай мақсатпен жуырда Қаратөбе ауданында іссапарда болған едік.

Мектеп түлектеріне алдын ала кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізудегі басты мақсатымыз – бүгінгі мектеп түлектері алдағы кешенді тестілеуден ойдағыдай өту үшін дағдыландыру жұмыстарын жүргізумен қатар жас талапкерлерге үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу арқылы мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру. Бұл жұмыстың нәтижесін өткен жылғы деректермен келтіруге болады.

Жалпы Қаратөбе ауданы бойынша мектеп бітіретін түлектер саны, Қазақстанның жоғары оқу орындарына түсетін мемлекеттік білім гранттары иегерлерінің, соның ішінде Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне түскен талапкерлердің, яғни мемлекеттік білім гранттары иегерлерінің жалпы саны артып келеді. Сапар барысында университетіміздің тапсырмасы бойынша аудандық білім бөлімінің басшысы Берік Ғарапшиевпен кездесіп, пікір алмастық. Өзінің білім саласындағы көпжылдық тәжірибесі негізінде осындай жұмысқа ұйытқы болған Берік Ғарапшаұлы егер барлық мектептерде алдын ала кәсіптік

бағдар беру жұмыстары жүргізілсе, оқушылардың білім деңгейін арттыруға, тәжірибе жинақтауға қомақты үлес қосары сөзсіз екенін айтып өтті.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу мақсатында оқытушылар тобынан арнайы команда құрылды. Оның құрамында болған «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институтынан» аға оқытушы, ветеринария ғылымдарының кандидаты Ербол Сенғалиев екеуіміз Қаратөбе ауданы бойынша барлығы 13 мектепте алдын ала үгіт-насихат жұмыстарын жүргіздік. Оларға 160-тан астам оқушы қатысты.

Сапарымызға қолдау көрсеткен аудан әкімі Қадыржан Сүйеуғалиев БҚАТУ-да оқып жүрген студенттерді ауыл шаруашылық іс-шараларына, оқу-тәжірибелік машықтану жұмыстарына тартуға, сала мамандарын жұмысқа қабылдауға дайын екендігін ескертті. Білім беру саласындағы ортақ ісімізді жалғастыруға, болашақта біріге жұмыс жасайтынымызға сенім білдірді.

Нарықтық экономика тұсында ауылшаруашылығын тиімді пайдалана отырып, жоғары және сапалы өнімді қамтамасыз ету үшін жан-жақты, білімді, тәжірибесі мол мамандар талап етілуде. Бүгінгі күні Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті – батыс аймақтағы ауылшаруашылық және өндірістік, экономикалық салалар үшін жоғары білімді мамандар дайындайтын жалғыз ғылыми орталық. Білім ордасы өзінің 60 жылға жуық



қызметінде республикамызға және шектес елдерге танымал болды. Отандық білімнің, мәдениеттің және ғылымның дамуына үлкен үлес қоса отырып, еліміздің болашағы мен әлеуметтік-экономикасының дамуы үшін мыңдаған мамандар дайындап шығарды.

Ауыл жастарының, мектеп түлектерінің туған жерге деген сезімін ояту үшін төмендегі өлең шумақтарын арнағым келеді:

Елінің ертеңін, болашақ күндерін ойлаған,

Жәңгір ханнан түлеген мамандардай бар ма адам?!

*«Елім» деп ертеңге көз салсаң,
БҚАТУ-дан басталады бар қадам.*

*Білімнің нәрімен сусындап,
Ұядан – қияға,*

Қырандай қалықтап, ұшады әр маман.

Жастарды заман талабына сай мамандықтарды таңдап, туған елінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге үлес қосуға шақырамын.

Ғали ОЖАНОВ,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ
доценті, ауылшаруашылық
ғылымдарының кандидаты

Көкейдегі сауалдарды қозғаған шара

Жәңгір хан университетінің №2 студенттік жатақхана-сында «Имандылық – тәрбие мен ізгілік негізі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.



«Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебі оқытушылары (Диамара Тулегенова, Лайла Калиева, Әлия Кушенбекова, Айдын Бекқалиева) ұйымдастырған іс-шараға студенттер белсене қатысты. Тәрбие сағатында имандылыққа байланысты бейнефильмдер көрсетілді.

Имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуші қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. «Имандылық» деген бір ғана сөздің бойына ұят, ар, ынсап, қанағат сықылды

бүкіл жақсы қасиеттер түгел сыйып тұр. Имандылық үлкенді сыйлаудан, инабатты болудан басталады. Ар-ұят, ождан – иманның кілті. Осы бағытта өрбіген шарада білім алушылар көкейлерінде жүрген сауалдарға жауап тапты деген ойдамын.

Жастарды имандылыққа тәрбиелеу отбасынан басталады. Сондықтан «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді дана қазағымыз, жастайынан бойға сіңген мінез басқа бір зор күштің әсерінен болмаса, есейгенде де сақталады.

Асылжан ДАНАБАЙ
АН-31 тобының студенті

▶) СТУДЕНТКЕ КЕҢЕС

Есте сақтау қабілетіңізді жақсартыңыз!

Кейде қарапайым нәрселерді қажет кезінде еске түсіре алмай қиналамыз. Кейде, тіпті, таныстарыңыздың есімдерін, телефон нөмірлерін, өлеңдер мен маңызды күндерді жиі ұмытатын жағдайлар кездеседі. Егер осы аталғандар сіздің де басыңыздан өтсе, онда есте сақтау қабілетін жаттықтыратын кез келді. Ол үшін мына кеңестерге құлақ түріңіз.

Тынығу

Ми әр уақытта жұмыс істеп тұрады. Миға салмақ түсірмей жұмыс істеп отырмын дегеннің өзінде де бірнеше минутқа тынығу қажет. Миыңызға ара-тұра жеңіл массаж жасаныз (қабағыңыз бен шашыңыздың орта тұсын саусақтың ұшымен шеңбер жасағандай сәл бағырып, укаланыз).

Миды шынықтыру

Ара-тұра мидың жұмысын көбірек іске қосып тұруды да ұмытпаған абзал. Логикалық сұрақтар мен сөзжұмбақтар шешу, ойша санау, өлең жаттау, шет тілдерін меңгеру миды жаттықтыруға септігін тигізеді.

Спортпен айналысу


Спортпен шұғылданатын адамдардың басқаларға қарағанда есте сақтау қабілеті жақсы екені дәлелденген. Әсіресе, жүзу мен жүгірудің ми жұмысын жақсартатыны анықталған. Спорт миға келетін қанның көлемін арттырады.

Ұйқы алдындағы ақпарат

Жақсы ұйқы – есте сақтау қабілеті жойылмауының кепілі. Адам тәулігіне сегіз сағат ұйықтау керек. Ұйқы алдында оқу немесе ақпарат қабылдау – ең тиімді уақыт. Ұйқы барысында ақпарат өңделіп, адамның жадында сақталып қалады.

Тамақтану

Есте сақтау қабілетін арттыратын тамақтар тұтыныңыз. Олардың қатарына – алма, шоколад/какао, балық, балдыркөк (сельдерей), саумалдық (шпинат), қарақат және құлпынай, авокадо, Грек жаңғағы және т.б. жатады. Ал таңғы астан бас тарту немесе аз ғана ауқаттану мидың жұмысын нашарлатады. Сонымен қатар темекі өнімдерін тұтыну да жадыңызды жояды.



СОВРЕМЕННЫЕ ЛАБОРАТОРИИ – СОСТОЯНИЕ, ПЕРСПЕКТИВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ

Единственной в регионе научной лабораторией, соответствующей всем критериям, предъявляемым для проведения молекулярно-генетической экспертизы, является лаборатория биотехнологии и диагностики инфекционных болезней Испытательного центра НАО «Западно-Казахстанской аграрно-технической университет имени Жангир хана».

На сегодняшний день в Казахстане уделяется огромное внимание агропромышленному комплексу в целом, Правительство страны оказывает всестороннюю поддержку для его устойчивого развития. Важной составляющей АПК является животноводство, и данный вектор может быть успешным лишь при наличии хорошей племенной базы, включающей в себя ценный племенной скот с высоким генетическим потенциалом продуктивности.

В связи с этим возрастает роль аккредитованных в государственных (национальных) системах аккредитации лабораторий, имеющих возможность проведения молекулярно-генетической экспертизы согласно методам ДНК-типирования с использованием методик, разработанных с учетом рекомендаций ISAG и т.д.

Испытательный центр ЗКАТУ имени Жангир хана аккредитован в системе аккредитации Республики Казахстан на соответствия требованиям ГОСТ ИСО/МЭК 17025-2019 «Общие требования к компетенции испытательных и калибровочных лабораторий» № KZ.T.09.0147 от 23 января 2017 года, что дает возможность проводить ДНК-паспортизацию сельскохозяйственных животных согласно требованиям Закона РК о племенном животноводстве № 278 от 9 июля 1998 года (для соответствия критериям к товаропроизводителям АПК – хозяйствам занимающимся разведением сельскохозяйственных животных, претендующим на получение субсидий из государственного бюджета; для гарантии того, что приобретаемое животное соответствует родословной, наследует признаки своих родителей и является достойным представителем своей породы); генетическую экспертизу сельскохозяйственных животных в рамках досудебного расследования (в случаях потери или краже животного идентичность результатов ДНК-теста исследуемой особи и данных, указанных в генетическом сертификате



пропавшего животного может послужить доказательством при определении владельца); скрининг сельскохозяйственных животных на наследственные летальные мутации; ранняя диагностика продуктивности сельскохозяйственных животных; определение устойчивости/резистентности сельскохозяйственных животных к заболеваниям (для ведения целенаправленной селекционно-племенной работы).

Кроме того лаборатория биотехнологии и диагностики инфекционных болезней имеет допуск к работе с микроорганизмами II-IV группы патогенности, позволяющий диагностировать инфекционные заболевания данных групп патогенности методом ПЦР. С 2020 года является полноправным членом международного общества генетики животных (International Society for Animal Genetics (ISAG)) по определению генотипов крупного скота методом STR и имеет сертификат, подтверждающий I ранг лаборатории, подтверждающий 98-100%ую точность проводимых исследований по генотипированию сельскохозяйственных животных.

Преимуществами лаборатории можно считать высококвалифицированный кадровый состав, имеющий многолетний опыт в сфере молекулярно-генетических исследований; полная укомплектованность оборудованием и измерительными средствами новейшего поколения, регулярно поверяемых и калибруемых в соответствии метрологическим требованиям в области обеспечения единства измерений и технического регулирова-

ния; автоматизация процесса испытаний, позволяющий минимизировать влияние человеческого фактора и исключить вероятность ошибок; короткие сроки оказания услуг и доступные цены на услуги.

Специалистами лаборатории проводятся все этапы проведения исследования по генотипированию от отбора биологического образца до ввода данных генетического профиля племенных животных в Информационную аналитическую систему (ИАС) и выдачи генетического сертификата, что позволяет получить качественный результат – это является для заказчиков гарантией на получение субсидий из государственного бюджета для развития животноводческих хозяйств.

Лаборатория интегрировано сотрудничает с Республиканскими палатами по породам крупного рогатого скота (Палата Ангус, Казахской белоголовой породы, Калмыцкой породы и т.д.) и лошадей, выполняя услуги по генотипированию животных на основе соглашения о сотрудничестве и совместной деятельности и ежегодно проводит «кольцевые тесты» для подтверждения проводимых исследований, медицинскими организациями – с начала пандемии по коронавирусной инфекции COVID-19 проводится лабораторная диагностика по выявлению штамма коронавируса SARS-CoV-2 методом полимеразноцепной реакции (ПЦР) и правоохранительными органами – по проведению молекулярно-генетической экспертизы сельскохозяйственных животных в рамках досудебного расследования уголовных дел.

В плане перспективы лаборатории, согласно стратегии устойчивого развития университета, берет курс на наращивание производственных мощностей, на освоение новых методов молекулярно-генетических исследований, как секвенирование нового поколения NGS, пиросеквенирование и т.д. и соответственное обеспечение их технической оснащенности, что позволит Испытательному центру в целом выйти на новый уровень, активно применяя новые технологий в научно-исследовательском процессе, расширит возможности при реализации научных, научно-технических проектов и развивать образовательные программы, т.к. молодые ученые и докторанты, магистранты, студенты имеют свободный доступ в лаборатории для выполнения научно-исследовательских работ.

Развитие кадрового потенциала является одним из векторов перспективы развития испытательного центра университета, так сотрудники лаборатории регулярно проходят курсы подготовки и переподготовки кадров, курсы повышения квалификации, зарубежные стажировки, нацеленные на повышение их конкурентоспособности. Кроме того на базе лаборатории сотрудниками выполнены и представлены к защите 2 докторские и 2 кандидатские диссертации; магистранты проводят исследования в рамках своих магистерских диссертации и рассматриваются в качестве потенциального пополнения рядов коллектива, что в сумме предполагает повышение конкурентоспособности кадров, эффективность которых впоследствии будет выражаться в повышении уровня производительности и улучшения качества проводимых исследований.

Таким образом, отвечающая всем международным требованиям и соответствующая современным тенденциям, лаборатория выполняет важную роль в развитии агропромышленного комплекса, являясь звеном между государством, наукой и сельхозтоваропроизводителями.

Индира БЕЙШОВА
директор Испытательного центра
НАО «Западно-Казахстанский
аграрно-технического университета
имени Жангир хана», д.б.н.
Нурбек ГИНАЯТОВ
старший научный сотрудник лабора-
тории биотехнологии и диагностики
инфекционных болезней
Испытательного центра, PhD

Вовлечённые в науку студенты

В Агротехнологическом институте ВШ «Технология производства продукции растениеводства» прошло 2-ое заседание студенческого научного кружка на тему «Защита растений от вредителей, болезней и сорняков».

Ответственными были старшие преподаватели ВШ Л.Т.Калиева и А.К. Кушнбекова. Студенты делали доклады, которые формировали представления о сущности разных проблем научно-исследовательской работы, а также погру-

зились в интересную работу с освоением различных методов научного исследования в области защиты растений.

Занятия кружка для студентов важны, потому что они пробуют свои силы как начинающие исследователи, делают важные шаги в этом направлении и именно научный кружок создаёт такую образовательную среду, где происходит становление культуры студента как исследователя и оттачивается ремесло будущего учёного.

Лайла КАЛИЕВА
руководитель НИРС ВШ ТППР



«Бізге осындай мүмкіндік берген БҚАТУ-ға мың алғыс!»

Жәңгір хан университетінің бір топ студенті академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік жоғары оқу орындарында бір оқу семестрі бойына білім алып келді. Төмендегі кейіпкерлеріміз осындай мүмкіндіктің арқасында Польша еліндегі Лодзь қаласында болып қайтқан еді.



Рустем БИГЕЕВ, Индустриалды-технологиялық институтының «Құрылыс инженериясы» мамандығының 3-курс студенті:

– Мен академиялық ұтқырлық бойынша Польша мемлекетінің Лодзь

техникалық университетінде бір семестр білім алып келдім. Ол жақта бізді өте жақсы қарсы алды. Барған сәтте бізді және өзге де мемлекеттерден келген студенттерді жергілікті білім алушылармен таныстырып, өзара танысуға арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Шетелдік студенттермен танысу біз үшін өте керемет әсер қалдырды.

Семестрдің басы мен соңында бірқатар қиындықтар болғанына қарамастан, оқу процесі қатты ұнады. Ондағы оқыту тәсілдері Қазақстанмен салыстырғанда мүлде өзгеше. Студенттер көбінесе өз беттерімен ізденіп, жеке жобалармен айналысады. Ал оқытушылар тек бағыт-бағдар беруші қызметін атқарады. Лодзь университетіне біздің институттан 3 студент бардық. Әрқайсысымыздың мамандықтарымыз әртүрлі болғандықтан, бөлек-бөлек ғимараттарда оқуға тура келді. Әйтсе де, бізді шетелдік достарымыз жалғызсырап пады. Тек бір ғана түсініксіз болған нәрсе – сабақ кестесі. Кейбір сабақтардың кешкі 17.00-ден 20.00-ге дейін өтетіні қиындық туғызды.



Арухан МАКСУТОВА, Индустриалды-технологиялық институтының «Құрылыс инженериясы» мамандығының 2-курс студенті:

– Польшадағы оқу өз елімізбен салыстырғанда сәл күрделірек. Онда студенттердің тәжірибелік сабақтарына аса мән беріледі. Кейбір пәндер бойынша әр аптаға бір көлемді тапсырма беріліп, оны келесі аптаға дейін орындау шарты қойылады. Ал кейбір пәндерде

белгілі бір жобамен айналысып, семестр бойына оқытушыдан кеңес алу міндеттеледі. Кейін сол жобаны сессия кезінде қорғау керек. Сессия біздегідей 3 апта сайын өткізілмейді. Семестрдің ортасында бір рет қана білімімізді тексереді. Лодзь техникалық университетінде студенттердің білім деңгейін бағалау тәсілдері де ерекше. Біздің ол тәртіпке үйренісіп кетуіміз үшін көп уақыт қажет болды. Сессияда автоматты түрде бағалану тәсілі жоқ. Өздерінің жүйелеріне сай әділ бағалайды. Поляк студенттері қойылған орташа баллға да қанағат етеді. Емтиханды кері тапсыру деген ұғым жоқ.

Польша жұрты өте қонақжай, ашық жандар екен. Оқытушылары да кішіпейіл, кез келген жағдайға түсіністікпен қарайды. Студент болғалы бері алғашқы рет оқытушыдан білмегенімді қысылмай сұраған кезім осы болды. Жалпы айтқанда, елімізде де, Польша мемлекетінде де бір мамандық бойынша білім алсақ та, оқыту мазмұны әлдеқайда бөлек. Ол жақтағы білімнің аясы кең деп айтар едім. Оқып келген бес ай ішінде білімімді, өмірлік тәжірибемді толықтырып келгеніме өте қуаныштымын. Осындай мүмкіндік берген БҚАТУ-ға үлкен алғысымды білдіремін!



Алеу ИДРИСОВА, Индустриалды-технологиялық институтының «Машина жасау» мамандығының 4-курс студенті:

– Маған Польшадағы студенттерге жасалған мүмкіндіктер мен жеңілдіктер ұнады. Студенттер үйінде тұру құны: бір айға – елу мың теңге. Әрине, Қазақстанмен салыстырғанда қымбаттау. Бірақ бұл – Еуропаның басқа мемлекеттеріне қарағанда айтарлықтай тиімді баға. Жатақханада әр бөлмеде екі студенттен тұрдық. Онда спортпен шұғылдануға да, сабақты тереңдетіп оқуға да жақсы жағдай жасалған.

Шәкіртақы студенттің бір айлық шығынына жетеді деп

айта алмаймын. Бірақ оларға көп жеңілдіктер қарастырылған. Студенттік билетімізді көрсетсек, мәдени орындарда және қалааралық пойыздарда жиі жеңілдіктер жасап тұрды.

Біз, қазақстандық студенттер Лодзь қаласында білім алғанымызбен, Польшаның Краков, Вроцлав, Варшава сынды қалаларын, тіпті көршілес мемлекеттерді аралауға мүмкіндік болды. Осы семестр ішінде әртүрлі елдің студенттерімен танысып, достасу бізге өте жағымды әсер қалдырды. Барлық студенттерге айтарым: академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелде білім алу, саяхаттау мүмкіндігін жіберіп алмаңыз. Себебі, бұл – сіздің болашағыңыз үшін үлкен инвестиция.

Қанат БАЯНОВ, Политехникалық институтының «Электрмен жабдықтау» мамандығының 3-курс студенті:

– Біз академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша тек білім алып қана қоймай, еларалап, жер көріп қайттық. Еуропаның көптеген қалаларына саяхаттап, уақытымызды өте тиімді әрі көңілді өткіздік. Алайда шет елде жүргендіктен, басымыздан қызықты жағдайлар да өтті.

Жаңа жыл қарсаңында достарымызбен бірге «Евротур» арқылы автобуспен әртүрлі елдің қалаларын араладық. Содан жаңа жылды қарсы алу үшін сағат түнгі 23.00-де Францияның Париж қаласындағы «Эйфель» мұнарасына бардық. Алты бала екі-екіден бөлініп, сол жақты аралап жүрдік. Жаңа жыл түні болғандықтан,



адам көп шоғырланып, соның кесірінен байланыс нашарлады. Бір кезде бір-бірімізден көз жазып қалдық. Хабарласайын десек, телефонда мүлде байланыс жоқ. Соның кесірінен, кері қайтатын автобусымыздан да қалып қоюға сәл қалдық. Сол жақты айналып, жүгіріп жүріп, әйтеуір түнгі 01.00-де автобусымызды таптық. Біз үшін бұл есте қаларлық сәт болды.

Жалпы Польшаға барып білімімізді жетілдіріп, тәжірибемізді толықтырып келгенімізге өте қуаныштымыз. Оған қоса, әртүрлі елдердің көрікті жерлерін аралап, тарихымен танысу бізге өте жақсы әсер қалдырды.

Дайындаған
Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ



Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Бас маман
Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 553 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Мақаладағы

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru